

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Оқу-әдістемелік комитетінің
№8 мәжілісінің хаттамасы

18.04.2025 ж.

ОӘК-ке қатысқандар: факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., 1-2 курс координаторы, аға оқытушы Аймаханов М.С., 3-4 курс координаторы, оқытушы Назарова Л.К., 5 курс және магистратура, докторантура координаторы, магистр оқытушы Шойбек А., Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Минтасова А.С., Академиялық комитет төрағасы, аға оқытушы Ильясова Г.Т., медицина факультетінің кафедра меңгерушілері.

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау. *Жауаптылар:* оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

2. ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы. *Жауаптылар:* оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

3. Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру. *Жауаптылар:* оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

4. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, дипломалды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы. *Жауаптылар:* оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

5. Өртүрлі мәселелер.

5.1. Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары М.Б.Ахатаева, Г.А.Джуманова дайындаған «Жедел жәрдемдегі медициналық манипуляциялар» оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

5.2. Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары Ш.Б.Татыкаева, А.М.Егизова дайындаған «Жедел жәрдем негіздері» оқу-әдістемелік құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

5.3. Ішкі аурулар кафедрасының м.ғ.к., доцент Л.Т.Алимбекова, м.ғ.к., аға оқытушы А.Т.Сурамисова, аға оқытушы К.С.Абдирамашеваның «Вирусты гепатиттер: клиникасы, диагностикасы, емі» атты оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

5.4. Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары М.А.Амантай, Д.Н.Айдарбекова дайындаған «Микоздар» атты оқу-әдістемелік құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

1. 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау. *Жауаптылар:* оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

Факультет деканы Г.О. Нускабаева сөз алып, медицина факультетінің бакалавр, магистратура, докторантура деңгейі бойынша 2025-2026 оқу жылына төменде кестеде көрсетілген білімгерлерді қабылдау жоспарын ұсынатындығын атап өтті.

Бакалавр

№	шифр	ББ тобы	шифр	ББ атауы	Грант	Ақылы	Квота	Барлығы
1	ВМ086	Медицина	6В10188	Медицина	150	165	35	350
2	ВМ089	Медициналық-профилактикалық іс	6В10197	Медициналық-профилактикалық іс		80		80
3	В084	Мейіргер ісі	6В10173	Мейіргер ісі		50		50
	Барлығы							480

Магистратура

№	шифр	ББ тобы	шифр	ББ атауы	Грант	Ақылы	Квота	Барлығы
1	М144	Медицина	7М10131	Медицина	5	3		8
2	М140	Қоғамдық денсаулық сақтау	7М10144	Қоғамдық денсаулық сақтау	5	3		8
	Барлығы							16

Докторантура

№	шифр	ББ тобы	шифр	ББ атауы	Грант	Ақылы	Квота	Барлығы
1	Д141	Медицина	8Д10110	Медицина	5	5		10
2	Д139	Қоғамдық денсаулық сақтау	8Д10111	Қоғамдық денсаулық сақтау	5	3		8
	Барлығы							18

ШЕШІМ 1.: 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспары назарға алынсын!

2. ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Факультет деканы Г.О. Нускабаева білім беру бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылына білімгерлер контингентін қалыптастыру жоспары, қабылдау науқанының нәтижелері және талапкерлермен жүргізілген жұмыстар туралы баяндама жасады.

1-2 курс координаторы, аға оқытушы М.С. Аймаханов кәсіби бағдар беру бағытындағы іс-шаралар туралы ақпарат берді (мектептермен байланыс, ашық есік күндері, онлайн және офлайн кездесулер, профориентациялық кеңес беру жұмыстары).

ШЕШІМ 2.: ББ білімгерлердің контингентін арттыру мақсатында мектептермен, колледждермен және кәсіптік бағдар беру орталықтарымен өзара байланыс нығайтылсын. Деканат пен кафедралар бірлесе отырып, әлеуметтік желілер мен веб-сайттарда ақпараттық-насихат жұмыстары күшейтілсін.

3. Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Факультет деканы Г.О. Нускабаева пәндерге тіркелу үдерісін сапалы ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Білім алушылардың жеке оқу жоспарларын дұрыс қалыптастыруда эдвайзерлердің рөліне тоқталды. Оқу бөлімінің өкілі тіркеу кестесін, тіркеу кезеңдерінің мерзімін және ақпараттық жүйедегі (Platonus жүйесі) техникалық дайындық туралы баяндама жасады.

Кафедра меңгерушілері кафедра пәндерінің ұсыныстарын және оқу жүктемесіне сәйкес пәндердің тізімін талқылады.

ШЕШІМ 3: 1. 2025–2026 оқу жылына білім алушылардың пәндерге тіркелуін белгіленген кестеге сәйкес ұйымдастырылсын.

2. Эдвайзерлерге тіркеу кезеңінде білім алушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу тапсырылсын.

3. Тіркеу нәтижелері бойынша қорытынды есеп факультет деканына ұсынылсын.

4. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А. Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Практикаға жауапты кафедра меңгерушілері оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық және диплом алды практикаларының өту тәртібі мен ұйымдастырылуына байланысты ақпарат берді. Баяндамашылар өз сөзінде практикалардың оқу жоспарына сәйкес уақтылы өткізіліп жатқанын, әрбір практика түрі бойынша бағдарлама, күнтізбелік жоспар, тапсырмалар, есеп беру нысандары, бағалау критерийлері және базалық ұйымдармен келісім-шарттардың бар екенін атап өтті.

ШЕШІМ 4.: ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, дипломалды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы назарға алынсын!

5. Өртүрлі мәселелер.

5.1. Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары М.Б.Ахатаева, Г.А.Джуманова дайындаған «Жедел жәрдемдегі медициналық манипуляциялар» оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

Бұл мәселе бойынша аға оқытушы, ОӘК төрағасы А.С. Минтасова сөз алды: Ұсынылып отырған оқу құралында жедел медициналық жәрдем беру қызметінің ұйымдастырылуы, кенеттен болған апатты жағдайларда, шұғыл жағдайларда, әр түрлі деңгейдегі жарақаттар кезінде және әр түрлі созылмалы аурулардың өршуі кезінде науқастармен зардап шегушілерге шұғыл түрде дәрігерге дейінгі алғашқы манипуляциялық көмек көрсету мен ұйымдастырудың жалпы принциптері берілген.

Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD Садыкова К.Ж.: «Авторлардың дайындаған оқу құралында өміріне қауіп төндіретін шұғыл жағдайларды диагностикалаудың негізгі принциптері, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету дағдыларының манипуляциялары ұсынылған. Оқу құралы қазіргі күнгі талаптарға сәйкес құрастырылған, енгізілген ақпараттар жеткілікті, теориялық және тәжірибелік мағынасы бар. Сондықтан медицина факультеті және медицина колледжі білім алушыларына ұсынылады». Сонымен қатар, оқу құралы плагиат тексеруден өткенін мәлімдеді.

Комитет мүшелері оқу құралын бірауыздан басылымға шығаруға ұсынды.

ШЕШІМ №5.1.: Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары М.Б.Ахатаева, Г.А.Джуманова дайындаған «Жедел жәрдемдегі медициналық манипуляциялар» атты оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

5.2. Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары Ш.Б.Татыкаева, А.М.Егизова дайындаған «Жедел жәрдем негіздері» оқу-әдістемелік құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

Бұл мәселе бойынша аға оқытушы, ОӘК төрағасы А.С. Минтасова сөз алды: «Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал шұғыл көмек көрсету, алғашқы іс шаралар жүйелі түрде келтірілген. Жедел медициналық жәрдем беру қызметінің ұйымдастырылуы, шоктық жағдайлар, сынық, күйік, электр жарақаты, жіті улану, суға бату, қан кету, қызба, жәндіктердің шағуы кезіндегі алғашқы көмек көрсету алгоритмі, этиологиясы, клиникасы, диагностикалау әдістері, алдын алуы және емдеу шаралары берілген. Материалдар өте түсінікті және қолайлы жазылған. Оқу-әдістемелік құрал медицина, стоматология факультеттерінің 1-5 курс студенттеріне арналған».

Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD Садыкова К.Ж.: «Авторлардың дайындаған оқу-әдістемелік құралы студенттерге өмірге қауіп төндіретін шұғыл жағдайларды диагностикалау принциптерін үйретуге, госпитализацияға дейінгі алғашқы медициналық көмекті көрсету дағдыларын қалыптастыру, шұғыл көмек көрсету алгоритмдерін меңгерту, тұлғааралық қарым-қатынас пен науқасқа кеңес беру шеберлігін жетілдіру, шұғыл жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білу, асқинулардың алдын алу, зардап шеккендерді және кенеттен сырқаттанғандарды тасымалдау кезінде қолайлы жағдай жасау жолдарын үйрету негізделген». Сонымен қатар, оқу құралы плагиат тексеруден өткенін мәлімдеді.

Комитет мүшелері оқу құралын бірауыздан басылымға шығаруға ұсынды.

ШЕШІМ №5.2.: Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары Ш.Б.Татыкаева, А.М.Егизова дайындаған «Жедел жәрдем негіздері» оқу-әдістемелік құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

5.3. Ішкі аурулар кафедрасының м.ғ.к., доцент Л.Т.Алимбекова, м.ғ.к., аға оқытушы А.Т.Сурамисова, аға оқытушы К.С.Абдирамашеваның «Вирусты гепатиттер: клиникасы, диагностикасы, емі» атты оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

Бұл мәселе бойынша аға оқытушы, ОӘК төрағасы А.С. Минтасова сөз алды: «Авторлардың дайындалған оқу құралы барлық талаптарға сай, медицина білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға көмекші оқу құрал ретінде пайдалануға болады. Ұсынылатын оқу құралына ішкі және сыртқы пікірлер берілген. Сол себепті, авторлардың дайындағын оқу құралына қазіргі кезеңде қажеттілік болғандықтан қолдауға шақырамын». Сонымен қатар, оқу құралы плагиат тексеруден өткен.

Ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Алимбекова Л.Т.: «Оқу құралында жұқпалы аурулар саласы бойынша вирусты гепатиттер (А, Е, В, D, С және микст-гепатиттер), бүкіл тобының сипаттамасы берілген, вирусты гепатиттердің түрлеріне байланысты клиникалық көрінісінің ерекшеліктері, диагностикалау әдістері және науқастарды емдеу санаты мен типтері бойынша тіркеу көрсетілген. Бауырдағы патогенезге, морфологиялық өзгерістерге, клиникалық ағымының ерекшеліктеріне, диагностикаға, парентеральды гепатиттердің вирусқа қарсы терапиясына ерекше назар аударылды. Оңалту және диспансерлеу негіздері, сондай-ақ профилактикалық іс-шаралар ұсынылды».

Комитет мүшелері оқу құралын бірауыздан басылымға шығаруға ұсынды.

ШЕШІМ №5.3.: Ішкі аурулар кафедрасының м.ғ.к., доцент Л.Т.Алимбекова, м.ғ.к., аға оқытушы А.Т.Сурамисова, аға оқытушы К.С.Абдирамашеваның «Вирусты гепатиттер: клиникасы, диагностикасы, емі» атты оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

5.4. Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары М.А.Амантай, Д.Н.Айдарбекова дайындаған «Микоздар» атты оқу-әдістемелік құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

Бұл мәселе бойынша аға оқытушы, ОӘК төрағасы А.С. Минтасова сөз алды: «Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал микоздардың жіктелуі, этиологиясы, патогенезі, клиникалық көріністері, оларды анықтау, емдеу және алдын алу шаралары жан-жақты қамтылған. Оқу-әдістемелік құрал білім алушыларға арналған негізгі ақпараттармен, әдістемелік нұсқаулармен, көрнекі суреттермен, клиникалық есептермен, тест тапсырмалары және бақылау сұрақтарымен келтірілген. Материалдар өте түсінікті және қолайлы жазылған. Оқу-әдістемелік құрал медицина факультеттерінің 5 курс студенттеріне арналған».

Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD Садыкова К.Ж.: «Авторлардың дайындаған оқу-әдістемелік құралы студенттерге дерматомикоздармен сырқаттанатын науқастарды дұрыс анықтау, диагностикалау, сонымен қатар жүйелі және жергілікті емдеу шаралары туралы жазылған. Алынған мәліметтерді саралап, талдау мақсатында оқу-әдістемелік құралының соңында тест сұрақтары, клиникалық есептер және бақылау сұрақтары келтірілген». Сонымен қатар, оқу құралы плагиат тексеруден өткенін мәлімдеді.

Комитет мүшелері оқу құралын бірауыздан басылымға шығаруға ұсынды.

ШЕШІМ №5.4.: Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының магистр-оқытушылары М.А.Амантай, Д.Н.Айдарбекова дайындаған «Микоздар» атты оқу-әдістемелік құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



А.Минтасова